

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сөредегі ойыншықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.03.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/91323/>

Ұйымдастырылған оқу іс — қызметінің технологиялық картасы.

Топ: Ортаңғы «Балапан»

Күні, айы: 17.02.2021ж

Білім беру саласы:Таным.

Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің түрі: Математика негіздері.

Тақырыбы : « Сөредегі ойыншықтар» Көлем.

Мақсаты: 3-4 көлемдегі заттарды салыстыруға үйрету,үлгі бойынша санауға үйрету.

Қажетті құрал -жабдықтар: Ойыншықтар,ойыншықтардың суреті.

Ісқызметінің

кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс -әрекеті

Мотивация

лық-

қозғаушы

лық

Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге

тұрғызады.

Қайырлы таң,досым!

Қайырлы күн болсын!

Бүгінгі күн қуаныш,

Сәттілікке толсын!

Сәлеметсіңдер ме,балалар

Балалар шаттық шеңберіне

жиналып,тәрбиешінің артынан

қайталайды.

Ұйымдасты

рушылықізденістік

Балаларға жұмсақ ойыншық Қоян

қонаққа келеді.

-Бүгін таң қандай тамаша! Мен жақсы көңіл күймен ояндым да, сендерге қонаққа келуді ұйғардым. Қоян балаларда әртүрлі қызық және әдемі көп ойыншық бар екенін көреді. Тәрбиеші балаларға ойын ойнайтын бұрышқа өз еркімен жайғасып, барлығына жету үшін ойыншықты тек бір-бірден ғана алуды ұсынады.

Сөренің жанына әуелі бір баланы алып келіп, оған бір ойыншықты ұсыну керек және оны осылайша дұрысістегені үшін мақтап қойған жөн. Осыны екінші баламен қайталау керек. «Даян-ақылды бала, ол да бір ғана ойыншықты алды» деп тәрбиеші оны да мақтайды. Одан әрі балалар бірнешеу боп келіп, ойыншықтарды алады. Тәрбиеші әрқайсысынан : «Сен қанша ойыншық алдың?» деп сұрайды. Балалар ойыншықтарды таратып алғаннан кейін, сөреде бір ғана ойыншық қалады. «Қанша ойыншық қалды?» -«Тек бір ғана ойыншық қалды».

Тәрбиеші бұл ойыншықты өзі алады да, былай дейді: «Менде де бір ғана ойыншық бар. Сөреде қанша ойыншық қалды?»

Сергіту сәті.

Қалыпты тұрыс-аяқты иық деңгейінде қою, ойыншы үстелдің үстінде жанымызда жатады. Балалар терең дем Балалар амандасады.

Бала: «Мен бір ойыншық алдым» деп жауап береді.

алып, керіледі де, терең дем шығарады.

-Біздің ойыншықтар шаршады. Оларға демалу керек. Қанеки, оларды орнына қояйық. Әуелі мен өз ойыншығымды қоямын. Менің қалай жайлап қойғанымды

көрдiңдер ме?Сөреде қанша ойыншық болды?Ендi Айша өзiнiң қуыршағын сөреге қояды.Айша қанша қуыршақты қойды?

Балалар топталып,екi-үш баладан,ойыншықтарды орнына қояды.Тәрбиешi барлық балалар ойыншықтарды бiр-бiрден қойып жатқанына,ойыншықтар қатары көбейе түскенiне назар аударады.

Тәрбиешiнiң артынан қайталайды.

Балалар топталады.

Рефлексия

лықтүзетушiлiк

-Сөреде неше ойыншық болды?

-Балаларда қанша ойыншық қалды?

Тәрбиешi балаларды мадақтайды да,оқу iс-қызметiн аяқтайды.

Тәрбиешi балалардың жауабын күтедi.

Күтiлетiн нәтиже:

Ненi бiледi: пiшiндердi басқа геометриялық пiшiндер арасынан тауып алады.

Ненi игередi. математикалық тапсырмаларды орындап ,түсiнiп балалар үлкен,кiшi көлемдердi ұғынды.

Ненi меңгередi:,көлемдер әртүрлi болатынын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.